



«Балбөбек» жеке меншік шағын орталығының «Мамыр» айының айлық жоспары

№	Атқарылатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1	Салауатты өмір салтын ұйымдастыру. Қорытынды бақылау	03.05.2024	Әдіскер
2	Денсаулық күні «Спрот адамның досы»	10.05.2024	Топ тәрбиешілері
3	Ертеңгіліктер , мерекелік іс – шаралар Жеңіс күні. Батырлар мен ұландар мерекесіне арналған тақырыптық іс әркеттер	06.05.2024	Топ тәрбиешілері
	Ұйымдастырылған оқу іс – әрекет Қорытынды ұйымдастырылған оқу іс әрекет Тақырыбы: «Менің әлемім» Тақырыбы: «Сыйқырлы әлеміне саяхат» Тақырыбы: «Білім еліне саяхат»	27-29.05.2024	№1 топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан №2 топ тәрбиешісі Тамашова Жазира №3 топ тәрбиешісі Карасаева А
4	№3 Педагогикалық кеңес 1.№2 Педагогикалық кеңес шешімінің орындалысы 2.Топтардағы балалардың бөбекжайға қатысы , денсаулық жайын анықтау, салыстырмалы бақылау 3.Бөбекжайдағы жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын талдау және бекіту 4.Жылдық жұмыс жоспарына өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар біліктілік санатын табыстау.	31.05.2024	Директор, әдіскер.
5	Кеңестер Жаз мезгілінде сауықтыру – шынықтыру шараларын жасақтау және ұйымдастыру	20.05.2024	әдіскер
6	Өндірістік жиналыс 1.МДҰ – ның жарғысы, оған еңгізілген өзгерістер мен толықтырулар және жаңа редакциясы 2.Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жайын талқылау	29.05.2024	Директор, әдіскер.

Ұйымдастырылған қорытынды оқу іс- әрекет хаттамасы.

Қатысқандар :

Директор : Мусаева С.Р.

Әдіскер: Махашева Т.Е.

Тәрбиешілер: 6

Барлағы : 8

31.05.2024жыл

Күн тәртібінде:

1. Ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекет Тақырыбы:
«Менің әлемім» Білім беру саласы: «Шығармашылық», «Денсаулық».

Өткізген : №1 кіші топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан

2. Ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекет Тақырыбы:
«Сыйқырлы еліне саяхат» Білім беру саласы: «Шығармашылық»,
«Денсаулық».

Өткізген : №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жадыра

3. Ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекет Тақырыбы:
«Біз бір жылда не үйрендік» Білім беру саласы: «Шығармашылық»,
«Денсаулық».

Өткізген : №3 ересек топ тәрбиешісі Карасаева Аман

Тыңдалды:

1.Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері өз сөзінде № 1 кіші топ тәрбиешілері өткен ұйымдастырылған қорытынды оқу іс әрекет кіріктірілген түрде өткізілді. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу іс әрекетке жақсы деңгейде дайындалған. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы тілдік қоры балаларға тақырыпты түсіндіре білуі жақсы деңгейде. Жыл бойына өткізілген тақырыптар алынған. Балаларға шығармашылық саласы кеңінен пайдаланды. Балалар берілген тапсырманы жақсы орындап шықты. Өз сөзімді қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекетті жақсы деп бағалаймын.

1.1. № 1 топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан өз сөзінде. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс әрекет мақсатына жеттім ойлаймын. Балалар ұйымдастырған оқу іс – әрекетке жақсы деңгейде қатысты. Әр баланы жеке дара жұмыстануға тырыстым.

1.2. №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жадыра өз сөзінде. Бүгінгі ұйымдастырылған қорытынды оқу іс әрекет жақсы деңгейде өткізілді. Тәрбиешінің өзін өзі ұстауы жақсы балаларды оқу іс әрекетке қызықтыра білуі жақсы деңгейде. Балалар геометриялық пішіндерді ажырата білуі жақсы деңгейде. Түстерді ажырата білуі жақсы деңгейде. Балаларды ұйымдастырылған оқу іс әрекетке жақсы деңгейде қатысты. Өз сөзімде қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекетті жақсы деп бағалаймын.

2. Екінші мәселе бойынша № 2 ортаңғы топ тәрбиешісі өз сөзінде Тамашова Жазира. Бүгінгі ұйымдастырылған қорытынды кіріктірілген оқу іс- әрекет тақырыбы: «Сыйқырлы әлеміне саяхат» Білім беру саласы «Шығармашылық» , «Денсаулық» етіп өткіздім. Ұйымдастырылған оқу іс әрекетке балалар жақсы деңгейде қатысты берілген тапсырмаларды жан - жақты орындап шықты. Балалардың тілдік қоры жақсы деңгейде. Мақсатыма жеттім деп ойлаймын.

2.1. № 1 кіші топ тәрбиешісі Айдар Ұлпан бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс әрекет жақсы деңгейде өтті. Тәрбиешінің өзін - өзі ұстауы тілдік қоры жақсы деңгейде. Балалар жақсы деңгейде тапсырмаларды орындап шықты . Өз сөзімді қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекетті жақсы деп бағалаймын.

3. Үшінші мәселе бойынша № 3 топ тәрбиешісі Карасаева өз сөзінде. Ұйымдастырылған оқу іс әрекет жақсы деңгейде өтті. Бүгінгі ұйымдастырылған қорытынды кіріктірілген оқу іс- әрекет тақырыбым «Білім еліне саяхат» Білім беру саласы «Шығармашылық» , «Денсаулық» етіп өткіздім. Балалар тірі және өлі табиғатты ажырата білді. Сандарды санай білді. Оларды орналастырып құрастыру тапсырмаларын жақсы деңгейде орындап шықты. Білім әлімде балалар жақсы деңгейде тапсырмаларды орындап шықты.

3.1. Балабақша әдіскері өз сөзінде. Бүгінгі № 3 топ тәрбиешісі өткізген кіріктірілген оқу іс әрекет жақсы деңгейде өткізілді. Топтың безендіруі және балалар киімдері жақсы деңгейде. Балалар сабаққа жақсы деңгейде қатыса білді. Тәрбиешінің сұрақтарына балалар жақсы деңгейде жауап берді. Балалар ұйымдастырылған оқу іс әрекетке жақсы деңгейде қатысты. Өз сөзімді қорыта келе ұйымдастырылған оқу іс әрекетті жақсы деп бағалаймын.

Шешімі:

1. №1 кіші топ тәрбиешісі Айдар Ұлпанның ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекеті «Жақсы» деп бағалансын
2. №2 ортаңғы топ тәрбиешісі Тамашова Жадыраның ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекетті «Жақсы » деп бағалансын
3. № 3 ересек топ тәрбиешісі Карасаева Аманның Ұйымдастырылған қорытынды кіріктелген оқу іс- әрекетті «Жақсы» деп бағалансын

Директор
Хатшы



Мусаева С.Р.
Махашева Т.Е.

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы
№2 «Балбөбек» ортаңғы тобы

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекет:
Математика
Тақырыбы: «Сыйқырлы еліне саяхат»

Дайындаған тәрбиеші: Тамашева Ж.Б

2024 жыл

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық: Математика

Білім беру саласы: «Таным», «Қатынас».

Бөлімі: Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру.

Тақырыбы: «Сыйқырлы еліне саяхат»

Мақсаты:

Білімділік: 1-ден 5-ке дейін тура және кері санау, геометриялық пішіндерді ажырату,

Дамытушылық: логикалық тапсырмаларды орындау арқылы балалардың тілін, ой – өрісін, ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Ұйымшылдыққа, топпен жұмыс істеуге, тапқырлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: сандар, пішіндер, суреттер, сандық, дидактикалық ойынға қажетті пішіндер, сыртында 5-ке дейінгі сандар жазылған «вагондар», үлестірмелі материалдар

Билингвалдық компонент: бір, екі, үш, төрт, бес –один,два,три, четыре,пять –one, two, three, four, five.

Қолданылған әдіс- тәсілдер: топтық жұмыс,жұптық жұмыс, жеке жұмыс, «миға шабуыл» әдісі, саусақты дамыту әдісі,дәстүрден тыс әдісі.

Қолданылған технологиялар: Ойын технологиясы, ТРИЗ технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, дамыта отыра оқыту технологиясы,қол моторикасын дамыту технологиясы.

Пән аралық байланыс: тіл дамыту,құрастыру.

Шаттық шеңбері:

«Мысық»

Мысығымды сыйпаймын(арқаларын сыйпайды)

Ол тарсылдатып жүгіреді(саусақ ұшымен арқаға ұру)

Жайлап жүріп жымын(арқаларын жәй қасу)

Орналасы жаныма(қатты сыйпау)

Тұра қашты тағыда(саусақ ұшымен арқаға ұру)

Балалар бізге бүгін Ханшайым хабарласты.Білім Ханшайым геометриялық пішіндерін жоғалтып алыпты ,соны табуға бізден көмек сұрап жатыр, көмектесемізбе? -Ия

-Ондай болса Білім Ханшайымына көмектесу үшін 3 топқа бөліп алайық.Біз топтарға бағдаршамның түстері бойынша бөлінеміз.Менде әдемі қоржын бар,сол қоржынның ішінде үш түсті текшелер бар.Текшелер бойынша топтарға бөлінеміз.Білім Ханшайымына көмектесу үшін тапсырмалар беріледі біз сол тапсырмаларды орындауымыз керек.Балалар орындауға дайынсындар ма?

-Ия

-Әр тапсырмаларды орындаған сайын мына смайлыктар

арқылы бағаланады.-Әр тапсырманы орындаған сайын. Білім Ханшайымы бір геометриялық пішіні табылып оттырады.

1-тапсырма: Вагондардағы сандарды реті-ретімен тура және кері қою.(3 тілде санау) Енді балалар бір-біріміздің жұмысымызды бағалайық.(тәрбиешінің бағалауы)

Балалар біз тапсырманы орындадық. Міне Білім Ханшайымына шаршы пішінін таптық.

2-тапсырма: Ақ бетте мынандай суреттер бейленген. Енді осы суреттегі бейнелерді үш бұрыштар арқылы құрастырайық (суреттер мен үш бұрыштар таратылады) Енді балалар бір-біріміздің жұмысымызды бағалайық (тәрбиешінің бағалауы)

Балалар екінші тапсырманы орындадық Білім Ханшайымына үшбұрыш пішінін тауып бердік. Сергіту сәтті: Ал балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық, Оңға қарап үшбұрыш, Солға қарап төртбұрыш. Ауада сызып алайық. Жоғары- төмен қарайық, Орнымызды табайық. Балалар біз бір сергіп алдық.

3- тапсырма: (топтық тапсырма логикалық сұрақтар, әр жауаптан кейін балалар бір-бірін бағалайды) 1. Апасы Сезімге дүкеннен төртбұрышты үш доп әкелді. Сезім біреуін Аянатқа берді, біреуін Мерейге берді. Сезімде неше доп қалды? (төртбұрыш доп болмайды).

2. Балабақша ауласында өсіп тұрған қайың ағашында 2 алма бар екен. Бір алманы торғай жеді, біреуін қарға жеді. Қайыңда неше алма қалды? ((қайыңда алма өспейді)

3. 1-5 ке дейінгі сандарды үш тілде сана.

4. Бір қоянның құлағы нешеу? ((бір қоянда екі құлақ болады)

5. Екі аюда неше бас бар? (екі бас бар) Бұл тапсырманыда орындап сандықтан дөңгелек пішіні шықты.

4-тапсырма: (кеңістікті бағдарлау) Ал енді балалар Білім Ханшайымына көмектесу үшін төртінші сандықтың тапсырмасын орындайық. Дидактикалық ойын: "Құстар қайда мекендейді?" Сурет бойынша қақпақшадағы құстарды ұясына қондыру.



«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік

шағын орталығының

әдіскері Мах Махашова Т.Е.

Кіріктірілген қорытынды іс-әрекет

Тақырыбы: «Біз бір жылда не үйрендік»

Өткізген №3 «Ботақан» ересек

тобының тәрбиешісі Карасаева А

2023- 2024 оқу жылы

«Балбөбек» жекеменшік шағын орталығы
№3 «Ботақан» ересек тобы

Кіріктірілген қорытынды іс-әрекет
Тақырыбы: «Біз бір жылда не үйрендік?»

Дайындаған тәрбиеші: Карасаева.А

2024 жыл

Кіріктірілген ашық сабақ: Біз бір жылда не үйрендік

Білім беру дағдылары: Танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, әлеуметтік, денсаулық

Мақсаты: балаларға бір жыл бойы өткен, игерген білім, білік дағдыларын бекіту. Ойын шарты бойынша тапсырмаларды дұрыс орындау қабілеттерін кеңейту. Адамгершілікке, ынтылылыққа тәрбиелеу.

Міндеті: игерген білімдерін нақтылау, ойын арқылы қимыл қозғалыстарын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Жан-жақты білімдерін дағдыларын қалыптастыру. Өткен тақырыптарды еске түсіру, ойлау және есте сақтау қабілеттерін жаңғырту.

Қолданылатын көрнекіліктер: дидактикалық материалдар, арнайы карточкалар, нейрожатығу, «Ақылды бала» таңбасы.

Көрнекіліктер: суреттер, слайдтар, қарындаштар, ақ парак, карточкалар, пішіндер, смайликтер, сандар

Әдіс - тәсілі: түсіндіру, сұрақ – жауап

Кейіпкер: Қоян

Барысы

Топқа музыкалық сүйемелдеу арқылы шеңберлерден қимылмен өтіп топқа кіреді.

Шаттық шеңбері

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің ісі ғой

Ал қанеки балалар

Сәлем дейік үлкенге

Қайырлы күн балалар

Қайырлы күн қонақтар

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Бүгінгі көңіл күйлерің қалай?

Балалар: Жаксы

Тәрбиеші: Тамаша. Балалар бүгін біздер жыл бойы үйренген білімдерімізді еске түсіретін боламыз. Балалар қазір сендерге жұмбақ жасырғым келіп отыр. Таба аласыңдар ма?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Олай болса мұқият тыңдаңдар.

1. Сарғайған әлем

Жемістер піскен

Жәндіктер арқаланып

Жемтіктер терген. (Күз мезгілі)

2. Табиғаттың бір мезгілі

Жер беті аппақ оранған

Мерекелер тойланып

Салюттер көкке атылған (Қыс мезгілі)

3. Қар ериді, жылғалардан су боп ағып,

көк шөп шығып жерге,
гүлденеді ағаштар, оны бәрі күтеді,
айтшы қандай мезгіл, кім біледі? (Көктем)

4. Күн шуакты керемет

Гүлдер түйнеп,

Піседі жеміс-жидек

Шомыласың рақат-ай

Бұл қай мезгіл балақай? (Жаз мезгілі)

4. Теңестіріп әр затты,

бұрыштарын санаймыз,

қолға алып екеуін – одан үйде жасаймыз,

олардың бірін-төртбұрыш, енді-бірін үбұрыш деп қараймыз.

Қане тапшы балақай жалпы не деп аталады? (Пішіндер)

(Балалар жауаптары)

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Жұмбақтарды дәл шештіңдер.

Ғажайып сәт: Көңілді әуенмен топқа Қоян кіріп келеді.

Қоян: Сәлеметсіңдерме балалар! Қалдарың қалай? Орман жақтан сендердің дауыстарыңды есітіп келемін. Сендерді бәрі жол бойы мақтады, тапсырмаларды тамаша орындайды деп. Соған сендерден көмек сұрап келдім. Менің алтын асығым бар, соның ішіндегі тапсырмаларды жалғыз өзім орындай алмай жүрмін, соған көмектесіңдерші. Егер тапсырмаларды толық орындасақ алтын асық бізге «Ақылды бала» таңбасын береді екен.

Тәрбиеші: Көмектесеміз бе балалар?

Балалар: Иә

Тәрбиеші: Олай болса мен тапсырмаларды ашып, сендерге оқып түсіндіріп беріп отырайын, ал Қоянжан сен балалардың тапқырлығын тамашала.

Қоян: Жарайды!

(балаларға арнайы 4 – орталық жасайды)

1-Ұлттық бұрыш

2-Жануарлар бұрышы

3-Ертегілер елінде

4-Табиғат бұрышы)

Тәрбиеші: Олай болса бастайық! 3 мекен берілген екен. Біртіндеп кезекпен мекендерді аралап тапсырмаларды орындап қайтайық.

1-Ұлттық бұрыш

№1 тапсырма. Фонарик ойыны «Киіз үйде не бар?»

Шарты: балалар топқа бөлініп, шеңберлі тосықтардан секіріп, түрлі киіз үй карточкаларын жерден жинап алып, үстел үстіне қояды. Жинап болған соң фонарик арқылы киіз үй ішінде қандай ұлттық нақыштағы заттар бар екенін көріп атап береді. Тапқырлық танытқан балаларға бір жұлдызшадан таратып береді.

(Балалар ойын шарты бойынша орындайды)

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Келесі тапсырмаға көшейік.

2-Жануарлар бұрышы

№2 тапсырма. «Қандай жануардың дауысы»

Шарты: Балалар топқа бөлініп, нейроаяқ іздерінен жүріп өтіп, үстел үстіндегі үй жануарларының төлдерін тауып біріктіру керек. Содан тәрбиеші үй жануарларының дыбысын қосады, балалар қандай жануардың дыбысы екендігін айтып беру. Тапқырлық танытқан балаларға бір жұлдызшадан таратып береді.

«Сөйлем бойынша бейне құрастыр»

Күн жылынды. Ағашта бүршік жарып, жапырақ өседі. Құстар ұшып келеді. Ағаш бұтағына қонады. Жер бетіне көк шөп өседі. осы мәтін бойынша бейне құрастыруымыз керек.

Ал енді мәтінді іс жүзінде көрсетейікші.

-Күн қандай?

-Күн жылы.

(бір бала күнді тақтаға іледі)

-Ағашта нелер пайда болады?

-Ағашта жапырақтар болады. (2-3 бала жапырақ іледі)

-Нелер ұшып келеді?

-Құстар ұшып келеді. (2-3 бала құстар жабыстырады)

-Құстар қайда қонақтайды?

-Құстар ағашта қонақтайды. (2-3 бала ағашқа құстар іледі)

-Көк шөп қайда өседі?

-Көк шөп жерде өседі. (2-3 бала көк шөп жабыстырады)

(Балалар ойын шарты бойынша орындайды)

Тәрбиеші: жарайсындар балалар келесі ойынға өтейік.

3-Ертегілер елінде

№3 тапсырма. «Қандай ертегі кейіпкері тап»

Шарты: Балалар топқа бөлініп, кегльді тосықтардан өтіп, шарды ұстап жарып ішіндегі қандай ертегі кейіпкері екенін тауып атап беруі керек. Тапқырлық танытқан балаларға бір жұлдызшадан таратып береді.

«Кәне салыстырайық.»

ертегі кейіпкерлерінің Оң және сол жақта тұрғанын санап, есептік санау арқылы салыстырады. Мысалы: Бауырсақ ертегісі мен үш Шалқан ертегісін салыстырып теңестіреді немесе қанша кейіпкерін санайды.

(Балалар ойын шарты бойынша орындайды)

Тәрбиеші. жарайсындар балалар ендеше Қоянмен бірге бір серігіп алайық!

Сергіту: «Біз ақылды баламыз» музыкалық сүйемелдеу арқылы қимылды сергіту.

Тәрбиеші: қандай тамаша, бір серігіп алдықпа? Олай болса келесі тапсырманы орындауға өтейік!

4-Табиғат бұрышы

№4 тапсырма. «Қандай мезгіл»

Шарты: Балалар топқа бөлініп, допты алып кезекпен себетке лақтырады. Себетке түсірген бойда үстел үстіндегі жыл мезгілдеріне қарай табиғат құбылыстарын жапсырып қандай мезгіл екенін айтып береді. Тапқырлық танытқан балаларға бір жұлдызшадан таратып бе

(Балалар ойын шарты бойынша орындайды)

Тәрбиеші: жарайсындар балалар!

Қоян: Қандай тамаша балалар! Сендерге тәнті болып тұрмын. Ендеше балалар сендерге ризамын алтын асықтағы барша тапсырмаларды орындадыңдар. Сендерге «Ақылды бала» таңбасын таратып берейін. Ал балалар тағы кездескенше сау болыңдар.
(балалар Қоянмен қоштасады)

Тәрбиеші: тамаша балалар! Бүгінгі Қоянның тапсырмалары ұнады ма?
Балалар: Иә

Тәрбиеші: Олай болса ең соңғы ойынымызды ойнап жіберсек!

Дидактикалық ойын «**Келісемін - келіспеймін**»

Кеністікті бағдарлауға арналған тапсырманы мұғалімнің айтуы бойынша барлық балалар бірге жауап береді.

Келісемін – келіспеймін.

1. Үйдің шатыры төрт бұрышқа ұқсайды.
2. Қарбыздар талдың басында өседі.
3. Жазда шанамен сырғанаймыз
4. Жұлдыздар аспанда түнде көрінеді.
5. Лимон тәтті болады.
6. Шыршаның түсі қызыл.
7. Алма шаршыға ұқсайды.
8. Балықтар талда өседі.
9. Сиырдың 4 аяғы болады.
10. Керіктің бойы аласа.
11. Балмұздақ ыстық болады.
12. Дөңгелек пішіннің екі бұрышы болады.
13. Қоян балды жақсы көреді.
14. Пілдің тұмсығы қысқа.
15. Кітап – білім береді.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар! Бүгін біздер қандай өткен сабақты еске түсірдік?

Балалар: жануарлар, табиғат, ұлттық нақыштағы заттарды.

Тәрбиеші: сендерге ұнады ма?

Балалар: Иә

(Балалардың белсене қатысқандары үшін тәрбиеші жақсы сөздер жазылған төс белгі береді.) Сау болыңдар балалар.



